

УДК 72:033

МӘМЛҮКТЕР КЕЗЕҢІНДЕГІ АРХИТЕКТУРА

Дарханұлы Әли

arhanov123456789@gmail.com

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің халықаралық қатынастар факультетінің Шығыстану кафедрасының 2 курс студенті,

Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі - Әлібекұлы А.

Мәмлүктер (араб. *مملوك*, тиесілі, жалдамалы) — бастапқыда Еуразия даласынан келген түркі тайпаларынан, Кавказ халықтарынан шыққан, жас құлдардан алынған ортағасырлық Мысырдағы әскери топ. Олардың құрамына басқа халықтар да, тіпті мысырлықтар да кірген болатын. Мәмлүктер феномені, еврей тарихшысы, исламтанушысы Давид Аялон атап өткендей: «Мәмлүктердің ерекше классын құру, үлкен саяси мәнге ие болды» және ол IX-XIX ғасырлар аралығында 1000 жылға жуық өмір сүрді.

Мысырда, сондай-ақ Шам, Месопотамия және Үндістанда мәмлүктер саяси және әскери билікке ие болды. Кейбір жағдайларда олар сұлтан дәрежесіне жетсе, басқаларында әмірлер немесе билер ретінде аймақтық билікке келді. Ең бастысы, мәмлүк топтары Мысыр мен Сирияда орналасқан сұлтанатты басып алып, оны Мәмлүк сұлтандығы (1250–1517) деп атады. Мәмлүк сұлтандығы Айн Жалут шайқасында Илхандықтарды жеңді. Сонымен қатар 1154–1169 және 1213–1221 жылдары Батыс Еуропалық кресшілермен соғысып, оларды Леванттан қуып шықты. 1302 жылы Мәмлүк сұлтандығы ақыры крест жорықтарын тоқтатты.

Қыпшақ тектес мәмлүктер түркі семьясының қыпшақ тілдер тобына жататын мәмлүк-қыпшақ тілінде сөйлеген. Кавказ текті мәмлүк тілі туралы аз мәлімет бар. Мемлекет жас жігіттерді күштеп мұсылмандықты қабылдатып, арабша оқытып, жабық лагерьлерде әскери қызметке дайындады. Мәмлүктердің ізашары араб халифатының ғұламалары болды.

Мәмлүктер мүлік ретінде сатып алынғанымен, олардың мәртебесі қарапайым құлдардан жоғары болды, оларға өздерінің қожайындарының тапсырмасынан басқа бір тапсырмаларды орындауға рұқсат етілмеді. Мысыр сияқты жерлерде, Аюбилер әулетінен Мұхаммед Әлидің заманына дейін мәмлүктер Мысыр мен Шамдағы жалпы халықтан жоғары әлеуметтік мәртебесі бар «нағыз қожалар» және «нағыз жауынгерлер» болып саналды. Бір мағынада олар құлдыққа түскен жалдамалылар сияқты болды.

Мәмлүк билігін екі әулет – Бахрилер (1250-1390) және Буржилер (1390-1516) жүргізді.

XII ғасырда Египетте билеуші Айюбилер әулеті Мәмлүктерді әскери қызметке тартты. 1250 жылы мәмлүк-түрік көсемдері Мысырдағы билікті өз қолдарына алып, Айюбилерді тақтан құлатты. 10 жылдан кейін Бейбарыс сұлтан басқарған мәмлүктер Айн-Жалут шайқасында моңғол-татарларды талқандады. 1268 жылы олар крестшілерді, тағы 5 жылдан кейін низари исмаилиттерін талқандады. Мәмлүк сұлтанатының иелігіне Сирия мен Палестина және Солтүстік Африка территориясының бір бөлігі кірді. Мәмлүктер Кіші Азияның оңтүстігінде Рубенилердің Армян патшалығының өмір сүруіне нүкте қойды.

Мәмлүктер сунниттік исламды ұстанушылар болды. Мұсылмандардың қасиетті қалалары Мекке мен Мәдина мәмлүктердің қорғауында болды. Мәмлүктер тұсында сұлтандықта мәдени өмірде өрлеу болды.

1516 жылы I сұлтан Селим басқарған түрік әскері Алеппо түбіндегі Мардж-Дабик шайқасында мәмлүктерді талқандап, олардың иеліктерін Осман империясына қосып алды. Мәмлүктер 1811 жылға дейін Мысыр сұлтаны Мұхаммед Әли оларды жоюға бұйрық бергенге дейін Мысырдағы ықпалды иелік ретінде беделін сақтап қалды.

Мысыр-Мәмлүк мемлекеті мен Алтын Орда арасындағы дипломатиялық қарым-қатынастардың орнауы екі ірі мемлекеттердің тарихындағы аса маңызды рөлімен бірге, Орталық Азия, Қыпшақ даласы, бүкіл араб-мұсылман әлемі мен Еуропаның шектес жатқан елдеріне тікелей ықпалы зор болды.

Өз заманының аса қуатты екі мемлекетінің өзара жақындасуына түрткі болған басты себептердің қатарына, ең алдымен, жаңадан құрылған Мәмлүк мемлекетінің аймақта қалыптасқан ауыр саяси жағдаймен бетпе-бет келуі - өзіне әскери жағынан мұқтаж болғанын айта аламыз. Өйткені, Иран моңғолдары және кресшілердің бірігіп шабуыл жасауы Таяу Шығыстың барлық елдеріне үлкен қауіп әкелді.

Және тағы бір себеп ол – Берке мен Хулағудың арасындағы алауыздық.

Мәмлүктердің Дешті-Қыпшақпен этникалық жағынан туыстығы Алтын Орда хандарымен орнаған қарым-қатынастарда көп артықшылықтар береді. Олардың жақындасуында ортақ тіл, мәдениет және салт-дәстүрлер маңызды рөл атқарды.

Ортағасырлық араб жазба деректері бойынша, екі мемлекет арасында жиі елшілік, қымбат, бағалы сыйлықтардың алмасуы болды. Мәмлүктер сырты қызыл атласпен, ішкі жағы былғарымен тігілген, піл сүйегімен және күміспен әшекейленген, қара арнайы қобдишаға салынған Құранның аса құнды «Османдық нұсқасын» Алтын Ордаға сыйға берген.

Ал Алтын Орда хандары Мысыр сұлтандарына қару-жарақтар, мал-мүліктер, күндерді жіберіп, елшілеріне алтын сыйлықтарды беретін.

Тіпті кейбір, араб деректері бойынша, Берке ханның Каирге келген елшіліктеріне ең жақсы құрметтер көрсетіліп отырған. Алтын Орда билеушісінің Ислам дінін қабылдауы бүкіл мұсылман елі үшін одақтастықты нығайтуға жұрнақ болды. Мекке, Медине, Құдыс және Каир мешіттерінде оқылатын хұтбаларда Берке ханның есімі халифа және сұлтандардың аттарымен қатар айтылатын.

Бұл қарым-қатынастар Бейбарыс және Қалауын сұлтандардың кезінде шарықтау шегіне жетті, себебі кейінгі ұрпақтардың таққа таласы дипломатиялық арақатынасты әлсіретті, соңында, Алтын Орданың құлдырауына алып келген геосаяси өзгерістердің нәтижесінде екі ел арасындағы дипломатиялық байланыстардың тоқтауына алып келді.

Мысырдағы мәмлүктердің билігін ғалымдар мен зерттеушілер әртүрлі бағалайды. Дегенмен, бір нәрсе күмәнсіз болып қала береді – мәмлүктер сол кезде апат алдында тұрған мұсылман өркениетінің дамуына жаңа серпін берді. Мұсылман әлеміне төніп тұрған 2 қауіптен, яғни, кресшілер мен Хулагу әскерінен босатып шығарды. Стратегиялық және әскери күштерімен Таяу Шығыстың көп бөлігін жау қолынан құтқарды. Алтын Ордамен берік қарым-қатынас орнатып, сыртқы саясатты нығайтты, ішкі саясатта ерен еңбектерін қалдырды. Кезінде Айюбилер тақта саясат жүргізіп отырғанның күннің өзінде де, олардың қол астында болған Мәмлүктердің Мысыр мен Таяу Шығысқа тиген үлесі әлдеқайда басымырақ екені мәлім.

Мәмлүктер мемлекеті қазіргі оқырмандардың көз алдында басқа салаларда ешқандай жетістіктері жоқ, тек әскери-стратегиялық болып табылатын спартандық режимнің бір түрі ретінде ғана көрінеді. Бұл арада тарихи деректерге сүйенсек, әскери жетістіктермен қатар мәдени жетістіктер де болғаны сөзсіз.

Осындай жетістіктердің бірі – тұңғыш араб-қыпшақ сөздігінің жасалуы. Мұнымен қоса, Мысырда басқа сөздіктер де жасалған, олардың бірі бірден төрт тілге арналған: араб, парсы, түркі және моңғол.

Мәмлүк сұлтандары тұсында көптеген өнер және әдебиет туындылары жасалды, өкінішке орай, олардың санаулы данасы ғана сақталған. Мысалы, қыпшақ тілінде жазылған «Хосроу пен Шырын» поэмасы, оның жалғыз данасы Париж ұлттық кітапханасында сақтаулы. Оның авторы Дешті Қыпшақ даласының тумасы.

1391 жылы оңтүстік орыс даласынан шыққан қыпшақ Сайф Сарани өзінің әйгілі «Гүлістан бит-түркілер» еңбегін аяқтады, ол түркі текті Тайхас руынан шыққан Мысыр әміріне арналған.

Бірақ Мысырда қыпшақ тілінде жазылған ең елеулі шығарма – «Ескендірнама» поэмасы. Онда 14 ғасырдағы оқиғалар суреттеледі: Сұлтан Ахметтің Бағдаттан қашуы, Әмір Темірдің Түркияға жорығы, Баязид пен Алтын Орда ханы Тоқтамыстың өлімі және тағы көптеген тарихи жағдайлар қаралады.

Мәмлүктер тұсында сол заманның екі ірі тарихшысы әл-Макризи мен Ибн Халдун да Мысырда өмір сүріп, еңбек етті, олардың еңбектері еуропалық санаға да әсер етті.

Сонымен, салыстырмалы талдауда атақты Макиавелли Ибн Халдунның еңбегін пайдаланғаны байқалады. Сондай-ақ, Бахрилер тұсында Мысыр өз дәрігер - офтальмологтармен (сол кезде де катарактаны емдеген), хирургтармен, гинекологтармен және тіпті ветеринарлармен танымал болғаны белгілі.

Осылайша, Мысырдағы түркі мәмлүктері майдан даласында шебер жауынгер, қолбасшы ретінде көзге түсіп қана қоймай, әлемдік әдебиеттің, поэзияның, медицинаның дамуына орасан зор үлес қосты.

Әскери және мемлекеттік жүйені, сауда, ғылым, өнер мен әдебиетті дамытуға үлестерін қосқан, Мәмлүктер сонымен қатар елдің сәулет өнеріне деген өшпес іздерін қалдырды.

Мәмлүк сұлтандары тек қана діни-ғылыми ғимараттады ғана емес, сонымен қатар шекаралық бекіністер мен жергілікті шарушылыққа пайдасын тигізетін ирригациялық құрылыстарды да салған, тіпті кейбіреулері күні бүгінге дейін жұмысын тоқтатқан жоқ.

Мысырдың Мәмлүктік архитектурасының негізін салушы – Байбарыс сұлтанды айтамыз, себебі осы тұлғаның уақытында түрлі мақсаттағы құрылыс жұмыстары жетерлік.

Мәмлүктердің билік ету дәуірінде тек қана, Каир емес, сонымен қатар, Мекке және Медина мен Құдыс жерлеріндегі архитектураның дамуымен сипатталады. Мәмлүктерге дейін алты ғасырда Каирдегі мешіттердің саны 20 ғана болса, олардың билігі кезінде мешіттердің саны 130-ға жеткен. Ғимараттар тек санымен ғана емес, сонымен қатар, сапасымен де әлемді таңқалдырып отыр, себебі, архитектурадағы «Мәмлүк стилінің» болуы, ескерткіштердің қазіргі күнге дейін сақталып келе жатқанынан көруімізге болады. Солардың бірегейлері: Сұлтан Бейбарыс мешіті, Сұлтан Қалауынның сәулеттік кешені, Сұлтан Лашынның су бұрқағы, Сұлтан Фарадж ханакасы мен Әл-Азһар мешітін толықтырған мәмлүктер қалдырған бірқатар сәулеттік кешендері және көптеген басқа тарихи ескерткіштер. Осылайша, Мәмлүктердің сәулет өнерінің мұсылман әлеміне теңдесі жоқ айрықша екенін байқаймыз

Сұлтан әл-Мансұр Сайф ад-дин Қалауын (1279-1290) сұлтан аз-Захир Байбарыстың сырласы және Мәмлүктердің әйгілі билеушілерінің бірі. Ол өзінің 11 жылдық билігі кезінде көптеген әртүрлі мақсаттағы құрылыстар салған. Солардың арасында өзінің есімімен аталған атақты бірнеше ғимараттардан тұратын сәулеттік кешені. Кешеннің құрамына кіреберіс, үлкен қақпа мен арка, мешіт пен әдемі күмбез және өзінің зираты, «Бимарстан» деп аталған қоғамдық аурухана кіреді. Бұл сәулеттік кешен тарихи жазбаларға сәйкес небәрі 13 айда салынған. Кіреберіс үстінде құрылыстың нақты мерзімі көрсетілген: 1284-1285 жж.

Мысырдағы ең үлкен михрабтардың бірі саналатын мешіттің осы бөлігі бір кездері нағыз қажылық орны болған. Мұнда ауруға шалдыққандар келіп, дертіне шипа болар деген үмітпен дұға бағыштады.

Михраб Асуандағы ежелгі перғауындардың бейіттерінен алынған үлкен колонналармен тіреліп тұр, сонымен қатар, михрабтың ішкі бөлігіндегі кішкентай бағаналар оның сәнін келтіріп тұрғаны сөзсіз. Михрабты әсемдеуге сонау Византиялық дәуірден келе жатқан өнер «Мозаиканың» қолданылғанын байқауымызға болады.

Мешіттің қабырғалары куфи стилінде мозаикамен безендірілген, бұл мозаикалардан Пайғамбарымыз Мұхаммедтің (с.а.у) есімін және Құран аяттарын байқауымызға болады және бұл арабескилер ЮНЕСКО қорғауында болып табылады. Жоғарғы қабырғаларынан араб каллиграфиясының әдемілігін көре аламыз. Кейбір терезелері түрлі өрнектермен гипс торларынан, ал кейбірі түрлі-түсті әйнектерден салынған.

Мешіттің жоғарғы бөлігінде алтын жалатылған күмбез орналасқан және байқасақ, бұл алтын жалату техникасын ғалымдар әлі күнге дейін түсіндіре алмай отыр.

Мәрмәр төселген үлкен ашық ауласы бар медресе мешіттің оңтүстігінде орналасқан. Аурухана және басқа ғимараттар батыс жақта орналасқан. Акрухана субұрқағы бар үлкен ауладан, дәрет алатын екі бассейннен және науқастар орналасқан көптеген шағын бөлмелерден тұрды. Қазіргі таңда одан тек қирандылар ғана қалды.

Пайдаланған әдебиеттер:

- 1 Мәмлүктер кезеңіндегі архитектура – С. Батыршаұлы, Б. Батыршаұлы
- 2 Сұлтан Қалауынның сәулеттік кешені - <https://arablegko.ru/novosti/mechet-mavzolej/>
- 3 Мәмлүктер (арабша уикипедия)
https://ar.m.wikipedia.org/wiki/%D8%A7%D9%84%D8%AF%D9%88%D9%84%D8%A9_%D8%A7%D9%84%D9%85%D9%85%D9%84%D9%88%D9%83%D9%8A%D8%A9